

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы участеклер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 289 қаулысы Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы участеклер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

**Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы участеклер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хатқа қол қою туралы**

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы участеклер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хаттың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановқа Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 2967-KAZ Қарыз туралы келісімге (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Маңғыстау облысындағы участеклер] – 2-жоба) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы келісім-хатқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2017 жылғы

№

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2017 жылғы

№ Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

2017 жылғы 9 ақпан

Каржы министрі

Бақыт Сұлтанов мырзаға

Каржы министрлігі

Жеңіс даңғылы 11, Астана 010000

Қазақстан Республикасы

Күрметті Сұлтанов мырза,

**Нысанасы: Қарыз № 2967-KAZ: (ОАӨӘЫ 2 Дәліз инвестициялық бағдарламасы [Манғыстау облысындағы участекелер] – 2-жоба – Қарыз туралы келісімге түзетулер**

1. Осы хат жоғарыда көрсетілген жоба үшін 2013 жылғы 18 маусымдағы Қазақстан Республикасы ("Қарыз алушы") мен Азия Даму Банкі ("АДБ") арасындағы Қарыз туралы келісімге ("Қарыз туралы келісім") (Жай операциялар) қатысты жолданады. Осы күжатта пайдаланылатын, бірақ айқындалмаған барлық жазылған белгілемелер, егер мазмұны басқа мағынаны талап етпесе, Қарыз туралы келісімде айқындалған мағынаға ие болады.

2. 2015 жылғы 10 шілдеде, 2016 жылғы 18 қантарда және 2017 жылғы 9 ақпанда АДБ (i) Жетібай – Жанаөзен автожолы участекесін (0-73 км) реконструкциялауды; (ii) жобаны қадағалау мен мониторингтеуге жәрдем көрсету мақсатында жобаны басқару жөніндегі консультанттың көрсетілетін қызметтерін қаржыландыруды қосу; және (iii) осы өзгерістерді қаржыландыру үшін қарыз қаражатын қайта бөлу мақсатында жобаға енгізілетін өзгерістерді мақұлдады. Осы өзгерістерді қолданысқа енгізу үшін АДБ Қарыз туралы келісімге мынадай түзетулер енгізуі ұсынады:

(i) Қарыз туралы келісімнің 1-қосымшасы (Жобаның сипаттамасы) 3-тармағының (а) және (б) тармақшалары мынадай редакцияда пысықталсын:

"(a) (i) Шетпе елді мекені мен Ақтау қаласының арасындағы шамамен 170 км (632.3 км-ден 802 км-ге дейін) жол учаскесін; және (ii) "Жетібай – Жанаөзен – Фетисов – Түрікменстан Республикасының шекарасы (Түрікменбашыға)" автомобиль жолының Жетібай және Жанаөзен арасындағы шамамен 73 км (0-73 км) жол учаскесін реконструкциялау; және"

"(b) құрылышты қадағалау және жобаны басқару құрамдастарын қамтиды;"

(ii) Қарыз туралы келісімнің 3-қосымшасына толықтыруды көрсетілген кесте пысықталсын және Қарыз туралы келісімге түзетулер туралы осы хатқа қоса беріліп отырған Қосымшамен ауыстырылсын.

3. Осы Келісім-хатта көрсетілген ережелерді қоспағанда, Қарыз туралы келісімнің өзі өзгертілмейді.

4. Қарыз алушының осы Келісім-хатта көрсетілген түзетулерді енгізуге және осы Келісім-хаттың шарттарына келісімін төменде көрсетілген жерде Келісім-хаттың екі түпнұсқасына қол қою арқылы көрсетуді сұраймыз. Келісім-хаттың қол қойылған бір данасын өзінің пайдалануы үшін өзінде қалдыруды және басқа данасын АДБ-та қайтаруды өтінеміз. Осы Келісім-хатта көрсетіліген түзетулер Келісім-хаттың қол қойылып бекемделген түпнұсқасын АДБ алған күні қүшіне енеді.

Күрметпен,

---

Шон О'Салливан

Бас Директор

Орталық және Батыс Азия Департаменті

Қабылдаймын және мақұлдаймын.

Қазақстан Республикасы үшін және оның атынан

Аты: \_\_\_\_\_

Лауазымы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Көшірмесі: Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі  
Ж. Қасымбекке

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі

Р . С к л я р ғ а  
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Р. Бекетаевқа  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы М. Пішембаевқа

Қосымша

**ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТЫН БӨЛҮ ЖӘНЕ АЛУ  
(ОАӘӘІ 2 Дәліз инвестициялық  
бағдарламасы [Манғыстау облысындағы  
учаскелер] – 2-жоба)**

Санаты	АДБ-ның қаржыландыруы	Атауы	Каржыландыру үшін АДБ бөлгөн жалпы сома (\$) санат	Қарызды шоттан алу үшін негіз
1	Жұмыстар	328,800,178	Жалпы мәлімделген шығыстардың 100 %-ы	
2	Консалтингтік көрсетілетін қызметтер	9,199,822	Жалпы мәлімделген шығыстардың 100 %-ы	
3	Алдын ала болжанбаған шығыстар	33,300,000	Жалпы мәлімделген шығыстардың 100 %-ы	
	Жиыны	371,300,000		

\* Қарыз алушының аумағында алынатын қосылған құн салығын есепке алмағанда.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК